

МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ
Білім беру бағдарламасы: 7М02102 – Аспаптық орындаушылық
Мамандандыру «Ішекті аспаптар»

I. КЕШЕНДІ ТЕСТІЛЕУ

- 1) Шет тілінен тест (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз)
- 2) Таңдау бойынша қазақ немесе орыс тілінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тест.

II. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАР

1. МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Мамандық бойынша шығармашылық емтихан жеке бағдарлама мен коллоквиумды орындауды қамтиды.

Емтихан бағдарламасы:

- Аспапқа арналған екі контрасты бөліктен тұратын полифониялық шығарма соло
- Күрделі форма: сонаталық-симфониялық циклдан шығарма;
- Ауқымды сипаттағы виртуоздық шығарма;
- Қазақстан композиторының шығармасы.

Жеке бағдарламаның шығармалары әртүрлі стиль мен жанрларды қамтиды. Ұзақтығы 40 минуттан кем болмауы керек.

2. КОЛЛОКВИУМ

Алған білімдерін, дүниетанымын, орындаушылық және мәдени деңгейін анықтау мақсатында коллоквиум жүргізіледі.

Коллоквиумға қойылатын сұрақтар:

1. XX ғасырдың көрнекті орындаушылары (таңдаған мамандық бойынша).
2. Таңдаған мамандық бойынша басты зерттеулер мен еңбектер.
3. Барокконың стилінің ерекшеліктері (таңдаған мамандық бойынша).
4. Веналық классикалық мектеп композиторларының шығармаларын интерпретациялау ерекшеліктері (таңдаған мамандық бойынша).
5. Романтикалық дәуір композиторларының музыкасын интерпретациялау мәселелері (таңдаған мамандық бойынша).
6. XX ғасырдың композиторлық техникалары мен орындаушылық шеберлік (таңдаған мамандық бойынша).
7. Орындаушылықтың камералық-ансамбльдік құрылымы (таңдаған мамандық бойынша).
8. Кәсіби дағдыларды жетілдіру бойынша инновациялық тәсілдер (таңдаған мамандық бойынша).
9. Артикуляциялық-қағыстық мәдениеттің қалыптасуы мен даму мәселелері (таңдаған мамандық бойынша).
10. Әлемге әйгілі орындаушылардың каденциялары (таңдаған мамандық бойынша).

11. Жоғары білім берудегі музыкалық-педагогикалық үдерістің ерекшелігі (таңдаған мамандық бойынша).
12. Орта кәсіби білім берудегі музыкалық-педагогикалық үдерістің ерекшелігі (таңдаған мамандық бойынша).
13. Бастауыш білім берудегі музыкалық-педагогикалық үдерістің ерекшелігі (таңдаған мамандық бойынша).
14. Орындаушының музыкалық шығармамен жұмыс жасау түрлері
15. Музыкалық шығармамен жұмыс жасаудың негізгі кезеңдері
16. Еліміздің негізгі орындаушылық ұжымдары мен мәдени орындарына шолу.
17. Интерпретация – көркемдік ойлаудың феномені ретінде.
18. Шығарма интерпретациясының қалыптасуындағы жеке аспектілер.
19. Орындаушылық өнер тарихындағы интерпретация (таңдаған мамандық бойынша).
20. Қазақстанның көрнекті орындаушылары.
21. Қазақстанның орындаушылық мектептері (таңдаған мамандық бойынша).
22. Қазақстанның заманауи музыкатануы.
23. Қазақстан композиторларының шығармаларын қайта жазу және транскрипциялары (таңдаған мамандық бойынша).
24. Музыкалық аспаптар классификациясы. Аспаптың құрлымы мен дыбыс шығару ерекшеліктері (таңдаған мамандық бойынша).
25. Жоғары білім беру жүйесіндегі орындаушының кәсіби құзіреттілігі.

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

Мамандық бойынша шығармашылық емтиханның ең жоғарғы бағасы 35 баллды құрайды. Ең төменгі өту балы – 7.

27-35 балл (өте жақсы)

Талапкер жарқын музыкалық мәліметтерді, орындаушылық қабілеттерін, стилін, орындаушылық интонациялаудың мәдениетін көрсетуі тиіс.

17-26 балл (жақсы)

Талапкердің орындауы мағыналы, авторлық мәтін нақты оқылған, стилистикалық түрде сақталған. Бірақ бұл ретте ол техникалық еркіндікті көрсетпейді, орындау әртүрлілігі мен сапасымен ерекшеленбейді.

7-16 балл (қанағаттанарлық)

Орындалатын шығармалардың стилистикасы мен мазмұнын нашар түсіну, музыкалық интонациялаудың мәнерлі құралдарын жеткіліксіз меңгеру (интонация, есту, фразировка, ритм).

0-6 балл (қанағаттанарлық емес)

Төзімділіктің, бастаманың, ырғақтық ерік-жігердің болмауы, интонациялаудың техникалық және көркем құралдарын нашар меңгеруі, бағдарламаның түсуі үшін қажетті деңгейге сәйкес келмеуі.